

TOYOTA LAND CRUISER PRADO



TOYOTA

МІНСІЗДІККЕ

ЎМТЫЛЫС

СТРЕМИТЬСЯ

К ЛУЧШЕМУ

Аса жоғары қуат.
Аңызға айналған
мінез

Жол талғамайтын көліктердің жарыққа шығуының 60 жылдық тарихын артқа тастаған Land Cruiser керемет сапа, төзімділік пен сенімділікті жолсыз жерде қозғалу қабілетін байлық пен беделінің жоғарылығымен, жайлылығымен үйлестіре отырып, шын мәнінде бірегей көлік болып келеді.



Аңызға айналу үшін жаралған. Арынды бола тұрып

60 жыл бұрын жол талғамайтын көліктердің алғашқы буыны Фудзи тауына көтерілген сәттен бастап Land Cruiser-ді тоқтату мүмкін емес. Ол бүкіл әлемдегі клиенттерді өзінің мүмкіндіктерімен және сізді әлемнің кез келген нүктесіне жеткізудегі сенімділігімен шабыттандырып келеді. Қазіргі таңда Land Cruiser дәл бұрынғыдай арынды, жетілдірілген жүру сапасына, жолсыз жермен қозғалудағы анағұрлым жоғары өтімділікке ие, тиімді қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған және жердің кез келген бедерін еңсеруге мүмкіндік беретін қуатты техникалық сипаттамаларға ие.

1 9 5 1

VJ сериясы пайда болды, бұл Фудзи тауына шығып, 2 500 метрге дейінгі межеге көтерілген алғашқы автокөлік.

1 9 6 6

Land Cruiser Station Wagon сериясы толық жетектің жетілдірілген нұсқасын ұсынады.

1 9 8 5

Өз бойына жолсыз жер жағдайында ымырасыз өтімділік пен жайлылықты үйлестіре білген Light Duty-дің алғашқы сериясы.

1 9 9 6

90 сериясы – күшейтілген жүру бөлігі, тәуелсіз алдыңғы аспа, қуатты қозғалтқыш.

2 0 0 2

120 сериясы – жолмен де жолсыз жермен де қозғалған кезде жүру сапасын арттыру мақсатында модельдік қатардың 6 жылда алғаш рет жаңартылуы.



2 0 0 9

Өз бойына мықтылық пен жолсыз жердегі тамаша өтімділікті, төзімділікті үйлестірген 150 сериясы жарыққа шықты.

2 0 1 7

150 сериясы – күшейтілген қауіпсіздік шараларымен бірге жолмен де жолсызбен де қозғалу барысындағы жүріс сапасын арттыратын жетілдірілген технологиялар.





Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.

Әр сызықтағы күш пен табандылық

Land Cruiser Prado автокөліктің сыртқы дизайнын заманауи әрі қарқынды ете отырып, өз беделін одан сайын арттыруда. Мұндағы әр сызық белгілі бір мақсатқа бағытталған: көлік дөңгелектерінің алдындағы кеңістікті жақсырақ шолу үшін пішіні өзгертілген қақпағынан бастап; автокөлік еңсеретін өткелдің тереңдігінен барынша қорғау үшін сәл биік орналастырылған шамдар мен радиатор торының саңылауларына дейін; 18" жеңіл балқытылған дискілер қарқынды кескін береді. Жетілдірілген артқы шамдар блогында енді жарықдиодты тоқтау сигналы бар.



Орындаудың керемет
шеберлігі арқылы
пайда болған жайлылық

Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.

Land Cruiser Prado функционалдылық орындау шеберлігі мен әр бөлшекке көңіл бөлудің бірегей үйлесімін көрсетеді. Бұл кез келген бағытта саяхаттаудан көбірек қанағаттануға кепіл болады. Салонның жүргізуші мен жолаушылар үшін жоғарғы жайылығы онда орнатылған алдыңғы орындықтардың желдетілуі, артқы орындықтар жылытқышы, ауаны салқындатудың үш аймақтық жүйесі мен алдыңғы эйнектердің және жуғыш бүріккіштерін жылытқыштың, сонымен қатар артқы берілісті қосқан кезде артқы көрініске арналған айналарды түсіру функциясының арқасында қамтамасыз етіледі.



1. ОРТАҢҒЫ КОНСОЛЬ

Ортаңғы консольде Go спутниктік навигациясына ие Toyota Touch® 2 мультимедиялық жүйесі мен функционалдық белгілері бойынша топтастырылған және жеке аймақтарға бөлінген анағұрлым эргономикалық ауыстырып қосқыштар орналасқан. Беріліс қорабын, қозғалыс режимдері мен микроклиматпен және жайылықпен байланысты опцияларды кез келген жағдайда және кез келген жолда пайдалану ыңғайлы.

2. АРТҚЫ ЖОЛАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АУАНЫ САЛҚЫНДАТУ ЖҮЙЕСІН БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

Артқы жолаушылар температураны өздерінің жеке қажеттіліктеріне сәйкес реттей алады.





Бақылауда
ұстаңыз. Тегіс
жолда және
жолсыздық
жағдайында

Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.

Land Cruiser Prado-ның борттық технологияларының аса жоғары деңгейі оны премиум-классындағы толық жетекті автокөлік ретінде танытады.

Ортаңғы консольдің жоғарғы бөлігі сұйір пішінге ие болып, алдыңғы көріністі жақсарту үшін біршама төмендеді. Бұл әсіресе, жолсыз жермен жүру барысында аса маңызды. Алдыңғы консольде автокөлік периметрі бойынша орналасқан камералардың суреттерін көрсететін 8 дюймдік экран орналасқан. Автокөлік астындағы «мөлдір қақпақ» жер бедерін көрсететін функциясы бар айнала шолу жүйесін (MTM) және қозғалыс режимінің селекторын (MTS), сонымен қатар жолсыз жермен жүру барысында көмек беру жүйесін қоса алғанда, аса жоғары өтімділікті қажет ететін жағдайларда қозғалу барысында көмек беру жүйелерінің ауыстырып қосқыштары Сізге адам аяғы баспаған және зерттелмеген жерлерді бағындыруға көмектеседі.

1.



2.



1. ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІН ТАҢДАУ ЖҮЙЕСІ


Автокөліктің қоршаған орта жағдайында барынша тиімді болуын не оның динамикалық сипаттамаларын арттыру үшін Сіздің жүргізу стиліңізге және/немесе сіз өмір сүретін ортаға сай келетін қозғалыс режимін таңдау жүйесінің қозғалтқыштың, трансмиссияның, күшейтудің ауыспалы коэффициентіне (VFC) ие рөлді электрлі күшейткіштің (EPS), аспаның қаттылығын реттейтін бейімделгіш жүйе (AVS) мен ауаны салқындату жүйелерінің жұмысын автоматты түрде реттеуіне мүмкіндік береді.

2. ШИНАДАҒЫ ҚЫСЫМДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ БАР TFT-МОНИТОР (TPWS)


Хабарлағыштар мен көрсеткіштер панелі бар көпфункционалы TFT-монитор жүргізушіге TPWS сынды қауіпсіздік жүйелерін қоса алғанда, автокөлік жүйелерінің жұмысы туралы жан-жақты мәлімет береді және ақпараттық ойын-сауық орталығының қызметін атқарады. TPWS дисплей арқылы әр шинадағы (толық өлшемді қосалқы дөңгелекті қоса алғанда) қысымды бақылауға мүмкіндік береді. Егер қысым тым төмен болса, дисплейде ескертетін дабыл белгісі пайда болады.

Сіздің
амбицияларыңыз
сияқты көп қырлы


Жаңа жерлерді зерттейсіз бе, әлде қалада келіссөздер жүргізесіз бе, Land Cruiser Prado-ның кең салоны Сіздің қажеттіліктеріңізге сай бейімделуге қауқарлы. Сіз өзгермелі шарттар мен дербес тілектерге сай бейімделетін 5 не 7 орындық автокөліктер арасында таңдау жасай аласыз. Тек бір қолмен ғана ашуға болатын жүк бөлімінің есігінің ашылатын әйнегінің арқасында, жүк пен қажетті заттарды қою еш қиындық туғызбайды.



7 адам



5 адам



2 адам
орындықтардың 2-ші қатары бүктелген.



Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.



Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.

Алдан не күтсе де, әрқашан бақылауда

Сіз жолда қандай жағдайға тап болсаңыз да – мейлі ол қандай да бір құрылғыны сүйреу қажеттігі болсын, жолдағы ой-шұңқырды айналып өту болсын, жаңбыр, қар не мұзбен айқасу болсын – өзге жол талғамайтын көліктердің ешбірі дәл Land Cruiser Prado сынды тас жолдағы қарқынды қозғалыс пен жолсыздағы жоғары өтімділіктің бірегей үйлесімін ұсына алмайды. Land Cruiser Prado қозғалыс режимін таңдау жүйесімен, автокөліктің асфальтта басқарылуын жақсарту үшін алдыңғы және артқы тұрақтандырғыштардың әрекетін оңтайландыратын электронды басқарылатын аспаны кинетикалық тұрақтандыру жүйесімен (KDSS) жабдықталған.

ТАС ЖОЛДА АСПАНЫ КИНЕТИКАЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (KDSS)*

KDSS электронды басқарылатын гидравликалық механизм болып табылады. Көлденең орнықтылықты тұрақтандырғыштары бар аса сезімтал аспа алдыңғы және артқы тұрақтандырғыштардың жұмысын оңтайландыра отырып, асфальттағы тамаша басқарылуды, қозғалыстың тұрақтылығы мен жайлылығын қамтамасыз етеді.

ТІРКЕМЕМЕН ЖҰРУ БАРЫСЫНДА ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (TSC)

TSC Сізге бірдеңені сүйреу қажет болғанда желдің, соқпалы жолдың, рөл бұрылыстарының әсерінен болған шайқалуды басады. Бағыттық тұрақтылық хабарлағыштарының, жылдамдатудың және рөл бұрылысының көмегімен TSC шайқалуды төмендету үшін тежелуді бақылау мен бұрылу сәтін пайдаланады. TSC іске қосылғанда сырғу көрсеткіші дыбыстық белгі береді, ал арт жақта келе жатқан жүргізушілерді ескерту үшін тежеуіш жарықтары жанады.

АРТҚЫ ДӨНГЕЛЕКАРАЛЫҚ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ БҰҒАТТАУ (LSD)

Torsen типіндегі артқы дөңгелекаралық дифференциалды бұғаттау тегіс емес немесе тайғақ жолдағы тұрақтылық пен ілінсуді арттыруға көмектеседі. Бұрылыстан өту барысында жүйе қозғалтқышты тоқтату нәтижесінде пайда болатын сол және оң жақтағы дөңгелектердегі айналу сәттерінің айырымын шектеп, автокөліктің тұрақтылығын арттырады.

*Толық сипаттамасын 44/45-беттерден қараңыз.

Өте күрделі жолсыздықты еңсеруге дайын

Су кедергілерінен тез өту, өрді бағындыру, тасты жолдармен түсу болсын – Land Cruiser Prado-ның аса күрделі жолсыздықты еңсеріп, жолаушыларын үйіне қауіпсіздікте жеткізу қабілеті расында аңызға бергісіз.

Автокөліктің астындағы жер бедерінің суретін көрсететін айнала шолу жүйесі (MTM) панорамалық шолуды қоса алғанда, қоршаған ортаның суретін лезде береді. Оның үстіне Land Cruiser Prado таңдауға артқы дифференциалды бұғаттаудың үш түрін ұсынады. Қозғалыс режимінің селекторы (MTS) жолсыз жермен жүрген кезде көмек беретін Crawl Control жүйесімен үйлесімде, барынша бақылауға көпілдік бере отырып, автокөліктің баптауларын сыртқы жағдайларға байланысты реттейді.

АВТОКӨЛІКТІҢ АСТЫНДАҒЫ ЖЕР БЕДЕРІНІҢ СУРЕТІН КӨРСЕТЕТІН АЙНАЛА ШОЛУ ЖҮЙЕСІ (MTM)*

MTM қоршаған ортаның суретін лезде беретіндей етіп әзірленген, ол Сіздің берілген бағыттан таймай, қауіптен сақтануыңызға көмектеседі. Автокөлік астындағы төңіректің бедерін көрсету функциясы автокөліктің алдындағы кеңістікті шиналардың орналасуымен бірге дисплейге шығарып, Сізге дөңгелектің астындағыны көруге көмектеседі.

ЖОЛСЫЗ ЖЕРМЕН ЖҮРГЕНДЕ КӨМЕК БЕРЕТІН CRAWL CONTROL ЖҮЙЕСІМЕН ҮЙЛЕСКЕН ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІНІҢ СЕЛЕКТОРЫ (MTS)*

Жол төсемінің типіне байланысты қозғалудың бес режимінің ішінен таңдау жасау мүмкіндігімен Сіз кез келген мақсатқа жете аласыз. MTS жол төсемін есепке ала отырып дөңгелектердің тығылып қалу дәрежесін автоматты түрде реттейді және тіпті жолсыз жермен жүру барысында көмек беру жүйесімен байланыста жұмыс істейді.

ПАНОРАМАЛЫҚ ШОЛУ ЖҮЙЕСІ*

Айнала шолу жүйесі мен рөлдің бұрылыс бұрышын бергіш Сіздің кездесуі мүмкін кедергілерді бірден бағалап, жолсыз жерді еңсере алуыңыз үшін автокөліктің айналасындағы кеңістіктің үш өлшемді суретін 360°-та көрсетеді.

*Толық сипаттамасын 44/45-беттерден қарауға болады.

**АРТҚЫ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ БУҒАТТАУ**

Сіз батырманы бір рет басу арқылы дифференциалды уақытша бұғаттай аласыз, сол арқылы екі дөңгелекті де бір жылдамдықта айналуға мәжбүрлеп, дөңгелектің толық байланыс орнатуына көмектесесіз.

БОС АЙНАЛУҒА ҚАРСЫ БЕЛСЕНДІ ЖҮЙЕ (A-TRC)*

A-TRC тайғақ жол немесе дымқыл топырақ жағдайында жылдамдықты арттыру барысында батып қалған дөңгелектерді шығарып, автокөлікті тұрақтандыруға жәрдем береді.

Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.



Сипаттамалар жиынтық түріне байланысты қолжетімді.

К е р е м е т с а п а

РАМАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ*

Land Cruiser Prado-ның сенімді рамалық құрылымын өндіру барысында барынша мықты әрі қатты жеңіл рама жасауға мүмкіндік беретін аса берік болат қолданылады. Land Cruiser Prado-ның рамалық құрылымы салонды діріл мен аспа соққысынан оқшаулап, тіпті күрделі жолсыз жерлермен қозғалғанда да жайлылық сыйлайды.

ЖОЛСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА АСПАНЫ КИНЕТИКАЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (KDSS) *

KDSS дөңгелектердің жерде нық тұруына мүмкіндік беріп, жолсыздық жағдайындағы жақсы ілінісу мен орнықтылықты қамтамасыз етеді.

ӨРГЕ КӨТЕРІЛУ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (НАС)* / ТӨМЕН ТҮСУ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (DAS)*

НАС тік жарда баяу қозғалуға көмектеседі және автокөліктің кері шегінуін болдырмайды. Құлама беткейден түсу барысында DAS жекелеген дөңгелектердегі тежеуіш күшін автоматты түрде өзгертіп, автокөліктің тұрақты қалпын сақтайды.

АСПАНЫҢ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕЙТІН БЕЙІМДЕЛГІШ ЖҮЙЕ (AVS)*

AVS жол жағдайына байланысты алдыңғы және артқы амортизаторлардың қаттылық күшін үздіксіз реттейді және анағұрлым сәйкес келетін қозғалыс режимін таңдайды: Comfort (жайлы), Normal (стандартты) не Sport (спорттық).

Сапаға деген шексіз адалдықтың, төзімділік пен сенімділіктің негізінде жасалған Land Cruiser Prado қуатты бейнелейді. Ақпараттық және технологиялық қолдаудың айрықша деңгейімен үйлестіктегі аса берік, деформацияға төзімді, эксплуатациялық сипаты бойынша бірегей рамалық құрылым – жолсыздық жағдайында қозғалуда теңдесі жоқ Land Cruiser Prado-ның мүмкіндігінің кілті осы.

Жапониядағы заңғар тау шыңы мен жүріп өту қиын еуропалық ормандардан бастап, Орталық Азия мен Қазақстанның дархан даласына дейін шарлаған Land Cruiser Prado келесі тапсырманы орындауға әрқашан дайын күйінде, аман-есен орала жүріп, шын мәнінде бүкіл әлем бойынша сынақтан өтті.

*Толық сипаттамасын 44/45-беттерден қараңыз.

A high-angle, dynamic shot of a dark blue Toyota Land Cruiser Prado driving on a wet, paved road. The vehicle is moving from the bottom left towards the top right, creating a large splash of water behind its rear wheels. The car's features, including the roof rails, sunroof, and chrome accents, are visible. The background shows a blurred green landscape and a winding road, emphasizing the car's motion. The text "Күштің қайнар көзі" is positioned in the lower-left area of the image.

Күштің
қайнар көзі

Land Cruiser Prado жұмыс көлемі 2,7 және 4,0 литрді құрайтын су жаңа атмосфералы қозғалтқышпен жабдықталған.

Қ о з ғ а л т қ ы ш т а р

2,7л DOHC, VVT-i 5-М/Т	2,7л DOHC, VVT-i 6-А/Т	4,0л DOHC, VVT-i 6-А/Т
Қуаттылығы 163 а.к.	Қуаттылығы 163 а.к.	Қуаттылығы 249 а.к.
Қуаттылығы 5200 айн./мин	Қуаттылығы 5200 айн./мин	Қуаттылығы 5600 айн./мин
Жүк бөлімінің көлемі 621 л	Жүк бөлімінің көлемі 621 л	Жүк бөлімінің көлемі 621 л
Ең жоғарғы жылдамдығы 165 км/сағ.	Ең жоғарғы жылдамдығы 160 км/сағ.	Ең жоғарғы жылдамдығы 175 км/сағ.

М/Т=механикалық трансмиссия
А/Т=автоматты трансмиссия

TEPPA



Экстерьерінің негізгі ерекшеліктері

- 17 дюймдік
болат дискілер (6 шабақ)
 - күндізгі жарықдиодты
LED жүріс шамдары
 - бағыттық тұрақтылық
жүйесі (VSC)
 - бос айналуға
қарсы жүйе (TRC)
 - осьаралық дифференциалды
орталық бұғаттау
-



Интерьерінің негізгі ерекшеліктері

- қара және сарғыш түсте матамен қапталуы
 - салқындатқыш
 - 6 динамик
-



КОМФОРТ ПЛЮС

Экстерьерінің негізгі ерекшеліктері
(«Терра» жиынтығына қосымша)

- 17" жеңіл балқытылған дискілер
- алдыңғы жарықдиодты LED оптика
- хромдалған радиатор торы
- шамдардың көлбеулену бұрышын автоматты реттеу
- көлік төбесіндегі рейлингтер





**Интерьерінің негізгі ерекшеліктері
(«Терра» жиынтығына қосымша)**

- көпфункционалы былғары рөл және БҚ-ның иінірегі
- артқы көрініске арналған камера
- 3 аймақтық климат-бақылау
- артқы орындықтағы жолаушыларға арналған салқындатқышты басқару панелі
- жүргізуші мен алдыңғы жолаушы орындығын жылытқыш
- 8" Toyota Touch дисплейі
- 9 динамик
- былғары орындықтар
- 7 отыратын орын



ПРЕСТИЖ

Экстерьерінің негізгі ерекшеліктері

«Комфорт Плюс» жиынтығына қосымша

- 18 дюймдік жеңіл балқытылған дискілер (6 қосарлы шабақ)
- тіркемемен жүру барысында тұрақтандыру жүйесі (TSC)
 - бос айналуға қарсы белсенді жүйе (A-TRC)
- еңіс бойынша көтерілу және түсу барысында көмек беру жүйесі (HAC және DAC)
- шинадағы қысымды бақылау жүйесі (TPWS)
- аспаны кинетикалық тұрақтандыру жүйесі (KDSS)
- дөңгелекаралық дифференциалды бұғаттау жүйесі (LSD)
 - мөлдір артқы шамдар
- алдыңғы және артқы бамперлерге арналған қаптамалар

Интерьерінің негізгі ерекшеліктері

«Комфорт Плюс» жиынтығына қосымша

- былғары ортаңғы аспаптар панелі
- орындықтардың екінші қатарын жылытқыш
 - рөлді жылытқыш
 - салқындатылатын жәшік
- Smart Entry автокөлікті ашу және Push Start батырмасы арқылы қозғалтқышты іске қосу жүйесі

Л Ю К С



Экстерьерінің негізгі ерекшеліктері
«Престиж» жиынтығына қосымша

- артқы көрініске арналған бұйірлік
айналардағы отыру аймағын
жарықтандыру шамы
 - электрлі жетегі бар люк
-



Интерьерінің негізгі ерекшеліктері («Престиж» жиынтығына қосымша)

- қара/қоңыр немесе сарғыш түсті былғары салон
- былғары рөл және БҚ-ның ағаш іспетті иінірегі
 - есте сақтау функциясына ие рөл
- Go Plus функциясы бар 8" Toyota Touch 2 дисплейі
 - артқы орындықтарда отырған жолаушыларға арналған Blu-Ray форматына сай келетін 9" LCD монитор
- динамикалық сызықтары бар артқы көрініске арналған камера
 - еденге дейін механикалық бүктелетін орындықтардың үшінші қатары
- көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі (BSM)
- автокөліктің арт жағында көлденең қозғалып келе жатқан нысандар жөнінде ескерту жүйесі (RCTA)
 - айнала шолу монитормы
- шанақтың көлбеулену бұрышының монитормы
 - жолсыз жермен жүру барысында көмек беру жүйесі (Crawl Control)
- жолсыз жермен жүру барысында қозғалыс режимін таңдау жүйесі (MTS)
- бейімделетін түрленбелі артқы аспа (AVS)

1 аңыз.
10 түс



040 Ақ



1F7 Күміс түстес металл



070 Ақ маржан түсті



1G3 Сұр түсті металл



202 Қара



4X4 Винтажды қоңыр



221 Қара түсті зүбәржат



218 Қара түсті
металлик



4V8 Қола түстес металлик



3R3 Қызыл перланутр

Толық бақылау
бұрын -
соңды мұндай
стильді болған
емес

1. 17" болат дискілер,
«Терра» жиынтығында қолжетімді.

2. 17" жеңіл балқытылған дискілер,
«Комфорт» және «Комфорт Плюс»
жиынтықтарында қолжетімді.

3. 18" жеңіл балқытылған дискілер,
«Престиж» (5 және 7 орындық)
және «Люкс» жиынтықтарында қолжетімді.



1.



2.



3.

Сенімділік пен талғампаздық түйіскен жерде

1. Сарғыш түсті мата қаптауыш,
«Терра» жиынтығында қолжетімді

2. Қара түсті мата қаптауыш,
«Терра» жиынтығында қолжетімді

3. Сарғыш түсті былғары қаптауыш,
«Комфорт Плюс» және «Престиж»
(5 және 7 орындық), «Люкс» (7 орындық)
жиынтықтарында қолжетімді

4. Қара түсті былғары қаптауыш,
«Комфорт Плюс» және «Престиж»
(5 және 7 орындық), «Люкс» (7 орындық)
жиынтықтарында қолжетімді

5. Қоңыр түсті былғары қаптауыш,
«Престиж» (7 орындық) және «Люкс»
(7 орындық) жиынтықтарында қолжетімді



1.



2.



3.



4.




5.

Техникалық сипаттамалары

ҮЛГІ	2.7Л, 4WD, 5-МТ	2.7Л, 4WD, 6-АТ	4.0Л, 4WD, 6-АТ
ГАБАРИТТІ ӨЛШЕМДЕРІ			
Ұзындығы, мм	4840	4840	4840
Ені, мм	1885	1885	1885
Биіктігі, мм	1895	1895	1895
Дөңгелек базасы, мм	2790	2790	2790
Алдыңғы дөңгелектерінің табан ізі, мм	1605	1585	1585
Артқы дөңгелектерінің табан ізі, мм	1605	1585	1585
Алдыңғы асылма, мм	975	975	975
Артқы асылма, мм	1075	1075	1075
Ең төменгі жол саңылауы, мм	220	220	220
Кіру / шығу бұрышы, (°)	31° / 25°	31° / 25°	31° / 25°
Жүк бөлімінің көлемі, л	621	621	621
Жанармай бағының көлемі, л	87	–	87
Автокөліктің толық массасы, кг	2850	2850	2900
Жарақталған масса, кг	2115-2265	2115-2265	2150 - 2415
Қозғалтқыш коды	2TR-FE	2TR-FE	1GR-FE
Цилиндрлердің саны мен орналасуы	4, қатарлы	4, қатарлы	6, V-іспетті
Клапанды механизм	DOHC газ үлестіру фазаларын өзгертудің VVT-I электронды жүйесіне ие шынжырлы жетек	DOHC газ үлестіру фазаларын өзгертудің VVT-I электронды жүйесіне ие шынжырлы жетек	DOHC газ үлестіру фазаларын өзгертудің Dual VVT-I қосарлы электронды жүйесіне ие шынжырлы жетек
Цилиндр диаметрі x поршеннің қимылы, мм	95 x 95	95 x 95	94 x 95
ҚОЗҒАЛТҚЫШ			
Жұмыс көлемі, см³	2694	2694	3956
Сығылу дәрежесі	10.2:1	10.2:1	10.4:1
Отын типі	Октандық саны 91 және одан жоғары бензин	Октандық саны 91 және одан жоғары бензин	Октандық саны 95 және одан жоғары бензин
Ең жоғарғы қуаттылығы (кВт (а.к.)/айн.мин)	120 (163)/5200	120 (163)/5200	183 (249)/5600
Ең жоғарғы айналу сәті (Нм / айн.мин)	246/3900	246/3900	381/4400

ҮЛГІ	2.7Л, 4WD, 5-МТ	2.7Л, 4WD, 6-АТ	4.0Л, 4WD, 6-АТ
ДИНАМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ			
Ең жоғарғы жылдамдығы (км/сағ)	165	160	175
Екпін алу уақыты (0-ден 100-ге дейін км/сағ) (сек)	13,8	13,9	–
ТРАНСМИССИЯ			
Тіпі	Механикалық, 5 сатылы	Автоматты, 6 сатылы	
БЕРІЛІС ҚАТЫНАСТАРЫ			
1	3.830	3.600	
2	2.062	2.090	
3	1.436	1.488	
4	1.000	1.000	
5	0.838	0.687	
6	–	0.580	
Артқы жүріс берілісі	4.222	3.732	
Дөңгелектер бойынша ең төменгі бұрылыс радиусы (м)	5,8		
АСПАСЫ			
Алдыңғы	Тәуелсіз, иінтіректі, серіппелі, гидравликалық телескоптық амортизаторлары және көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар		
Артқы	Тәуелді, иінтіректі, серіппелі, гидравликалық телескоптық амортизаторлары және көлденең орнықтылықты тұрақтандырғышы бар		
ТЕЖЕУІШ ЖҮЙЕСІ			
Алдыңғы	Желдетілетін тежеуіш дискілері		
Артқы	Желдетілетін тежеуіш дискілері		



Еңсерілетін еңс бұрышы

Кіру, рампа және шығу бұрышы

Еңсерілетін өткел бұрышы

Жантаю бұрышы

Ж а б д ы қ т а л у ы

ЖИЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

ЕНЖАР ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛДАРЫ						
7 қауіпсіздік жастығы: 2 қарсы алды, 2 алдыңғы бүйірлік, 2 пердеше, жүргізушіге арналған 1 тізелік	•	•	•	•	•	•
Тежеуіштерді бұғаттауға қарсы жүйе (ABS)	•	•	•	•	•	•
Тежеуіш күшін үлестіру жүйесі (EBD)	•	•	•	•	•	•
Шұғыл тежелуді күшейткіш (BA)	•	•	•	•	•	•
Бағыттық тұрақтылық жүйесі (VSC)	•	•	•	•	•	•
Жолсыз жермен жүру барысында көмек беру жүйесі (Crawl Control) (5 жылдамдық режимі)	—	—	—	—	—	•
Тіркемемен жүру барысында тұрақтандыру жүйесі (TSC)	—	—	—	—	•	•
Бос айналуға қарсы жүйе (TRC)	•	•	•	•	—	—
Бос айналуға қарсы белсенді жүйе (A-TRC)	—	—	—	—	•	—
Еніс бойынша көтерілу және түсу барысында көмек беру жүйелері (HAC и DAC)	—	—	—	—	•	—
Шинадағы қысымды бақылау жүйесі (TPWS)	—	—	—	—	•	•
Аспаны кинетикалық тұрақтандыру жүйесі (KDSS)	—	—	—	—	•	•
Жүргізу режимін таңдау жүйесі (5 режим)	—	—	—	—	—	•
Спорттық жүргізу режимі (3 режим)	—	—	—	—	•	—

Ж а б д ы қ т а л у ы

ЖИЙЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

ЕНЖАР ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ҚАУІПСІЗДІК ҚҰРАЛДАРЫ						
Көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесі (BSM)	—	—	—	—	—	•
Автокөліктің арт жағында көлденең қозғалып келе жатқан нысандар жөнінде ескерту жүйесі (RCTA)	—	—	—	—	—	•
Multi terrain select және Multi terrain monitor жолсыз жермен жүру барысында қозғалыс режимін таңдау жүйесі (4 камера)	—	—	—	—	—	•
Панорамалық шолуға арналған камера (PVM)	—	—	—	—	—	•
Бейімделетін түрленбелі артқы аспа (AVS)	—	—	—	—	—	•
Осьаралық дифференциалды бұғаттау (ортаңғы)	•	•	•	•	•	•
Артқы дөңгелекаралық дифференциалды бұғаттау (LSD)	—	—	—	—	•	—
Артқы дифференциалды электронды бұғаттау	—	—	—	—	—	•
Иммобилайзері бар ұрлыққа қарсы жүйе	•	•	•	•	•	•
Белсенді алдыңғы бас тірегіштер	•	•	•	•	•	•
Белсенді тоқтау сигналдары	•	•	•	•	•	•
Артқы парктрониктер	—	—	•	•	•	•
Алдыңғы парктрониктер	—	—	—	—	•	•
Шұғыл қызметтерді шақырту жүйесі (ERA-GLONASS)*	•	•	•	•	•	•

* Бұл жүйе Көдендік одақтың «Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламентінің (КҚ ТР 018/2011) талаптарына сай орнатылған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жол-көлік оқиғасы не өзге де жағдайда шұғыл хабар беретін (ERA-GLONASS) мемлекеттік инфрақұрылымды жасау аяқталмағандықтан, аталған қызметке арналған жүйе/құрылғы қолжетімді емес, сол себепті өндіруші/сатушы жүйені/құрылғыны мақсатты түрде қолдану мүмкіндігінің болмағаны үшін жауапкершілікке не болмайды. Жедел қызметтерді шұғыл шақыру қызметінің қолжетімділігіне қатысты кез келген өзгеріс жайлы қосымша хабарланатын болады.

ЖИЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

СЫРТҚЫ ЖАБДЫҚТАЛУЫ						
17" болат дискілер, 245/70R17 шиналар	●	—	—	—	—	—
17" жеңіл балқытылған дискілер, 265/65R17	—	●	●	—	—	—
18" жеңіл балқытылған дискілер, 265/60R18 шиналар	—	—	—	●	●	●
Толық өлшемді қосалқы дөңгелек (көлік астының төменгі бөлігінде)	●	●	●	●	●	●
Жақынға және алысқа түсетін жарықтың алдыңғы галогенді шамдары	●	●	—	—	—	—
Жақынға және алысқа түсетін жарықтың алдыңғы жарықдиодты LED шамдары	—	—	●	●	●	●
Жарықдиодты күндізгі жүріс шамдары (LED DRL)	●	●	●	●	●	●
Артқы тұманға қарсы шамдар	●	●	●	●	●	●
Алдыңғы жарықдиодты тұманға қарсы LED шамдар	—	—	●	●	●	—
Ілеспе жарықтандыру функциясы (Follow me home)	●	●	●	●	●	●
Шам жуғыштар	—	—	●	●	●	●
Шамдардың көлбеу бұрышын механикалық реттеу	●	●	—	—	—	—
Шамдардың көлбеу бұрышын автоматты реттеу	—	—	●	●	●	●
Қара түсті радиатор торы	●	—	—	—	—	—

Ж а б д ы қ т а л у ы

ЖИЙНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

СЫРТҚЫ ЖАБДЫҚТАЛУЫ						
Хромдалған радиатор торы	—	•	•	—	—	—
Сұр түсті қосымшасы бар хромдалған радиатор торы	—	—	—	•	•	•
Шанақ түсіне боялған және реттейтін электрлі жетегі бар артқы көрініске арналған электрлі хромды бүйірлік айналар	•	•	•	•	•	•
Артқа қарай жүру барысында артқы көрініске арналған бүйірлік айналардың еңкеюі	—	—	—	—	•	•
Алдыңғы әйнектің әйнек жуғыштар аймағын жылытқыш	•	•	•	•	•	•
Жел әйнегін электрлі жылытқыш (тұтас бетті)	—	—	—	—	•	•
Әйнек жуғыш бүріккіштерін жылытқыш	—	—	—	—	•	•
Алдыңғы және артқы бүріккіштер	•	•	•	•	•	•
Бүйірлік басқыштар	•	•	•	• көмескі жарығы бар	• көмескі жарығы бар	• көмескі жарығы бар
Артқы көрініске арналған бүйірлік айналардағы отырыс аймағын жарықтандыратын шам	—	—	—	—	—	•
Артқы әйнектің күңгірттелуінсіз	•	•	•	•	•	•
Артқы спойлер	•	•	•	•	•	•
Жарық бергіш	•	•	•	•	•	•
Жауын туралы хабарлағыш	—	—	—	•	•	•
Арнайы серия пакеті: мөлдір артқы шамдар, алдыңғы және артқы бампер қаптамалары	—	—	—	•	—	—

ЖИЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

СЫРТҚЫ ЖАБДЫҚТАЛУЫ						
Қашықтықтан басқарылатын орталық құлып	•	•	•	•	–	–
Smart Entry автокөлікті ашу және Push Start батырмасы арқылы қозғалтқышты іске қосу жүйесі	–	–	–	–	•	•
Көлік төбесіндегі рейлингтер	–	•	•	•	•	•
Люк	–	–	–	–	–	•
АУДИОЖҮЙЕ, АҚПАРАТТЫҚ ОЙЫН-САУЫҚ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІ						
Аудиодайындық, 6 динамик	•	–	–	–	–	–
CD/AM/FM/Bluetooth, USB, AUX, 9 динамик, 8" Toyota Touch дисплейі	–	•	•	–	•	–
CD/AM/FM/DAB/Bluetooth, USB, AUX, 9 динамик, 8" Toyota Touch 2 дисплейі	–	–	–	–	•	–
CD/AM/FM/DAB/Bluetooth, USB, AUX, премиум класстық JBL аудиожүйесі, 14 динамик	–	–	–	•	•	•
8" Toyota Touch 2 Go Plus дисплейі	–	–	–	•	•	•
Қатты дискісі бар навигациялық жүйе	–	–	–	•	•	•
Тұрақты сызықтары бар артқы көрініске арналған камера	–	•	•	•	•	–
Динамикалық сызықтары бар артқы көрініске арналған камера	–	–	–	–	–	•
Артқы орындықтарда отырған жолаушыларға арналған Blu-Ray форматына сай келетін 9" LCD монитор	–	–	–	–	–	•

Ж а б д ы қ т а л у ы

ЖИЙНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

ІШКІ ЖАБДЫҚТАЛУЫ						
Круиз-бақылау	—	•	•	•	•	•
Артқы көрініске арналған электрлі хромды салон камерасы	—	—	—	•	•	•
Матамен қапталған салон	•	•	—	—	—	—
Былғары орындықтар	—	—	сарғыш /қара	сарғыш /қара/қоңыр	•	сарғыш /қара/қоңыр
Салондағы «ағаш» іспетті қосымшалар	—	—	—	•	•	•
Салондағы алюминий қосымшалар	—	—	—	•	—	•
Ортаңғы аспаптар панелі (былғары + қайып тігілген тігіс)	—	—	—	•	•	•
Автокөлікке отыру барысында жарықтандыру функциясы (есік панельдерін, жүргізушінің және алдыңғы жолаушының аяқ жағындағы аймақты жарықтандыру)	—	—	—	•	•	•
Еденге дейін механикалық бүктелетін орындықтардың үшінші қатары	—	—	•	•	—	—
Еденге дейін электрлі бүктелетін орындықтардың үшінші қатары	—	—	—	—	—	•
Алдыңғы орындықтарды жылытқыш	—	•	•	•	•	•
Орындықтардың екінші қатарын жылытқыш	—	—	—	—	•	•
Алдыңғы орындықтардың желдетілуі	—	—	•	•	•	•
Алдыңғы орындықтарды қолмен реттеу (жүргізуші орындығы 6 бағыт бойынша, жолаушы орындығы 4 бағыт бойынша)	•	—	—	—	—	—

ЖИЫНТЫҚ ТҮРЛЕРІ	ТЕРРА	КОМФОРТ	КОМФОРТ ПЛЮС	ПРЕСТИЖ	ПРЕСТИЖ	ЛЮКС
ОРЫН САНЫ	5 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН	7 ОРЫН	5 ОРЫН	7 ОРЫН

ІШКІ ЖАБДЫҚТАЛУЫ						
Алдыңғы орындықтарды электрлі реттеу (жүргізуші орындығы үшін 8 бағыт, жолаушы орындығы үшін 4 бағыт)	—	•	•	•	•	•
Жүргізуші орындығы мен рөл шабағының орналасуын баптау жады	—	—	—	—	—	•
Рөлмен басқаруды гидрокүшейткіш	•	•	•	•	•	•
Уретанды рөл шабағы және БҚ-ның иінтірегі	•	—	—	—	—	—
Көпфункционалы былғары рөл шабағы және БҚ-ның иінтірегі	—	•	•	•	•	—
Көпфункционалы былғары рөл шабағы және БҚ-ның ағаш іспетті қосымшалары бар иінтірегі	—	—	—	—	—	•
Рөлді жылытқыш	—	—	—	—	•	•
Рөлді көлбеулену бұрышы мен шығуы бойынша қолмен реттеу	•	•	•	•	—	—
Рөлді көлбеулену бұрышы мен шығуы бойынша электрлі реттеу	—	—	—	—	•	•
Салқындатқыш	•	—	—	—	—	—
2 аймақтық климат-бақылау	—	•	—	—	•	—
3 аймақтық климат-бақылау	—	—	•	•	—	•
Салқындатылатын жәшік	—	—	—	•	•	•
Есік табалдырығына арналған қаптамалар	•	•	•	•	•	•

Глоссарий

Land Cruiser технологиялары жайлы көбірек біліңіз.




ЖОЛСЫЗ ЖЕРМЕН ЖҮРҮ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (CRAWL CONTROL)

Жүйе жолсыз жерде тұрақты төменгі жылдамдықты сақтап отырады. Жүйе іске қосылғаннан кейін жүргізушіге акселератор мен тежеуіш педалін пайдаланудың қажеті жоқ және ол тек рөлді қозғалту арқылы бағытты белгілеп қана, толығымен автокөлікті басқаруға ден қоя алады.



ҚОЗҒАЛЫС РЕЖИМІН ТАҢДАУ СЕЛЕКТОРЫ (MULTI-TERRAIN SELECT)

Сіздің автокөлігіңіз MTS жүйесінің арқасында кез келген тапсырманы сенімді орындайды. Ол дөңгелек астындағы жол төсемінің типіне байланысты төрт қозғалыс режимінің бірін таңдауға мүмкіндік береді: Rock (жартастар), Mogul (дөңдер мен ой-шұңқырлар), Loose Rock (тастар мен қиыршық тастар), және Mud & Sand (топырақ пен құм). Дроссельді жапқыш, тежеуіш және бос айналуға қарсы жүйелермен басқару алгоритмі автоматты түрде жолсыз жердің типтік ерекшеліктеріне қарай бейімделіп, автокөліктің жол төсемімен барынша ілінісуі мен автокөлікті бақылауда ұстауға кепіл болады.



MULTI TERRAIN MONITOR ПАНОРАМАЛЫҚ ШОЛУ ЖҮЙЕСІ (MTM)

MTM жүргізушіні автокөліктің айналасындағы жағдай туралы визуалды ақпаратпен қамтамасыз етіп, оның тандалған бағыттан ауытқып кетпеуіне және қауіп пен кедергілерден сақтануына көмектеседі. Түрлі түсті көпфункционалы дисплей автокөліктің периметрі бойынша орналасқан төрт камера берген алты суретті көрсетіп, жүргізушіні автокөліктің алдындағы да артындағы да кеңістікті шолу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Одан бөлек, «мөлдір қақпақ» режимінде тіпті көлік қақпағының астын көруге де мүмкіндік береді. Көпфункционалы рөлдегі батырманы бір рет басып, Сіз қоршаған орта туралы толық ақпарат ала аласыз.



ALL WHEEL DRIVE ТОЛЫҚ ЖЕТЕК ЖҮЙЕСІ (AWD)

Аса күрделі емес жол жағдайында тек алдыңғы жетек қана іске тартылады, бірақ тайғақ жолға немесе борпылдақ не бүлінген жолға шыға салысымен, жүйе айналу сәтін алдыңғы және артқы оське автоматты түрде қайта үлестіреді. Мұндай жұмыс принципі жол төсемімен жақсы ілінісуді қамтамасыз етеді, автокөліктің түрлі жол төсемдеріндегі қозғалысының тұрақтылығын арттырып, отын шығынын азайтады.




РАМАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Классикалық рамалық құрылымның негізі – мықты әрі қаттылығымен ерекшеленетін жеңіл құрылымдарды жасау үшін қолданылатын аса берік болат. Оның дыбыс пен шуылды бәсеңдету қабілетінің арқасында, жол жүру анағұрлым жайлы әрі жағымды бола түседі.




АСПАНЫ КИНЕТИКАЛЫҚ ТҰРАҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ (KDSS)

KDSS электронды басқару жүйесіне ие гидравликалық аспа механизмі болып табылады. Көлденең орнықтылықтың классикалық тұрақтандырығыштарына ие аса сезімтал аспа асфальтта үздік басқарылу, қозғалыс тұрақтылығы мен жайлылықты қамтамасыз етеді. Кедір-бұдырлы жерге шығу барысында KDSS жұмысының арқасында аспа қимылының есебінен тіпті аса күрделі жолсыздықпен жүргеннің өзінде дөңгелектердің жақсы ілінісу қабілеті сақталады.



ЕҢІС ЖЕРМЕН КӨТЕРІЛУ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (HAC)

Бұл еңіспен көтерілу барысында жоғары қарай баяу қозғалып, автокөлікті сырғып кетуден сақтайды. HAC тежеуіш күшін автоматты түрде тежеуіш педаль босатылғаннан кейін 2 секунд ішінде сақтап тұрады да, автокөліктің кейін шегінуін болдырмайды. Жүйе көлік құралы тоқтағаннан кейін, берілістерді ауыстыру иінтірегі жоғарғы жүрісті беру қалпында тұрған сәтте педальді қаттырақ басу арқылы іске қосылады.




ЕҢІСКЕ ТҮСУ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (DAC)

Тайғақ, соқпалы не құлама беткейден түсу барысында DAC жекелеген дөңгелектердегі тежеуіш күшін автоматты түрде өзгертіп, автокөліктің тұрақты қалпын қамтамасыз етеді және 5-7 км/сағ. болатын тұрақты төмен жылдамдықты ұстайды. Жүйе алға да, артқа да жүру барысында тиімді, ал қосулы болғанда ол жүргізушіні педальді басу қажеттілігінен арылтады.




БОС АЙНАЛУҒА ҚАРСЫ БЕЛСЕНДІ ЖҮЙЕ (ARC)

Асфальтта да, жолсыз жерлерде де жүру үшін әзірленген ARC жүйесі аса күрделі жолдарда сенімді әрі тұрақты қозғалысты қамтамасыз етеді. ARC тайғанақтап тұрған дөңгелектерді ішінара тежел, қозғалтыштың айналу сәтін сенімділік ілінісуге ие дөңгелектердің пайдасына қайта үлестіреді.




АСПАНЫҢ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТҮДІҢ БЕЙІМДЕЛГІШ ЖҮЙЕСІ (AVS)

AVS жүйесі төрт амортизатордың қаттылығын бір-бірімен байланыссыз үздіксіз реттейді. Бұл жолдағы жайлылық тамаша басқарылу мен тұрақтылыққа кепіл болады. Оның үстіне, Сіз жеке қалауыңыз бен жол жағдайына байланысты қозғалыс режимдерінің бірін таңдай аласыз: Comfort (жайлы), Normal (стандартты) не Sport (спорттық).



КӨРІНБЕЙТІН АЙМАҚТАРДЫ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (BSM)

Жүйе қозғалыс жолағын ауыстыру барысында қосымша қауіпсіздікпен қамтамасыз етеді. Егер автокөлігіңіздің артқы бөлігіне орнатылған радарлар он не сол жақтағы көрінбейтін аймақтан өзге көлікті анықтаса, тиісті бұйырлық айнаның ескерту белгісі жаңады. Көрінбейтін аймақта басқа көлік келе жатқанына қарамастан жолақ ауыстыруды жалғастыра болсаңыз, көрсеткіш жыпылықтай бастайды.



ТҰРАҚТАН АРТҚЫ ЖҮРІСПЕН ШЫҒУ БАРЫСЫНДА КӨМЕК БЕРУ ЖҮЙЕСІ (RCTA)

RCTA артқы жүріспен қозғалған кезде көрінбейтін аймақтарды бақылау жүйесінің қадағалау-радарларын пайдаланып, бұйыр жақтан жақындап келе жатқан автокөліктер жайлы ескертеді. Кедергілер анықталған жағдайда, жүйе бұйырлық айнадағы BSM жүйесінің белгі бергішін іске қосып, дыбыстық белгі береді.

Кез келген
аумақтағы керемет
эксплуатациялық
қасиет

Қайда баруды қаласаңыз да, Land Cruiser
Prado Сізді қалаған жеріңізге жеткізеді және
аман-есен қайта алып келеді.







TOYOTA

**МИНСІЗДІККЕ
ҰМТЫЛЫС
СТРЕМИТЬСЯ
К ЛУЧШЕМУ**

**Toyota Land Cruiser Prado туралы қосымша ақпарат
алу үшін Тойотаның өз аймағыңыздағы ресми
дилеріне жүгініңіз.**

www.toyota.kz



Автокөлік шанағының түсі оның осы кітапшадағы суреттеріндегі түстен сәл басқаша болуы мүмкін. Автокөліктердің осы кітапшада берілген сипаттамалары мен жабдықталуы жергілікті жағдайлар мен шектеулерге байланысты болады, сондықтан үлгісі мен жиынтығына байланысты өзгеше болуы мүмкін. Техникалық сипаттамалары мен жабдықтарына қатысты өзекті ақпаратты Сіз өзіңіз тұратын өңірдегі ресми дилерден ала аласыз. «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-і техникалық сипаттамалары мен жабдықталуына алдын ала ескертусіз кез келген өзгеріс енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл шығарылым «Тойота Мотор Қазақстан» ЖШС-інің алдын ала жазбаша келісімінсіз толықтай не ішінара қайта басып шығарылмайды.